



НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА


БЗЖҚ зейнетақы активтерін басқару

Астана қ.
2024 жыл сәуір



01.04.2024ж. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ПОРТФЕЛІ

Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы




Зейнетақы активтерінің динамикасы



- БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері **18,8 трлн.** теңгені құрайды, 2024 жылдың басынан есептегендегі өсім **1,0 трлн.** теңге немесе **5,6%**
- 2016 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **валюталық үлесі** кезең-кезеңімен **17%** - дан **33%** - ға дейін ұлғайтылды
- Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің валюталық үлесін **30%** деңгейінде **сақтауды** жоспарлап отыр (2024 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің өсуі аясында, оның ішінде инвестициялық табыс есебінен, БЖЗҚ портфеліндегі валюталық активтердің үлесі **33,2%** -ды құрады)



ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ



- 2024 жылдың бірінші тоқсанында зейнетақы активтерінің **кірістілігі 3,2%** - ды, есептелген инвестициялық кіріс сомасы **581,3 млрд** теңгені құрады. 2023 жылғы кірістілік **10,1%** - ды, есептелген инвестициялық кіріс сомасы **1,6 трлн** теңгені құрады.
- 2014 жылдан бастап 2024 жылғы наурызға дейінгі кезеңде жинақталған инфляция **141,6%** кезінде, зейнетақы активтерінің **жинақталған кірістілігі 145,3%** құрады.



ВАЛЮТАЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ НЫСАНАЛЫ БӨЛУ

Қосалқы портфель	Нақты мәні	Мақсатты мәні (рұқсат етілген ауытқу)	Сипаттама
Дамыған елдердің облигациялары	25,8%	→ 30% (±10%)	Өтеу мерзімі 1-10 жыл АҚШ МБҚ
Дамушы елдердің облигациялары	20,8%	→ 25% (±10%)	Рейтингі « BB- » төмен емес Катар, БАӘ, Венгрия, Мексика, Малайзия сияқты және т.б. дамушы елдердің МБҚ
Корпоративті облигациялар	17,5%	→ 20% (±10%)	Рейтингі « BBB- » төмен емес Bank of America, JPMorgan, Amazon, Intel сияқты және т.б. АҚШ долларындағы корпоративтік эмитенттердің облигациялары
Акциялар	24,5%	→ 25% (-17%/+10%)	Apple, Microsoft, Tesla сияқты және т.б. MSCI World Index жаһандық индексіне кіретін акциялар
Өтімділік портфелі	11,4%	→ 0% (+40%)	Нысаналы аллокациядан тыс активтер, Қазақстанның еурооблигациялары, шетелдік банктердегі депозиттер және т.б.
Барлығы:	100%	100%	

- Валюта портфелінің ағымдағы құрылымын оның белгіленген нысаналы мәндеріне келтіру жөніндегі жұмыс **кезең кезеңімен** жүзеге асырылады
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша шетелдік компанияларға сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтерінің жалпы көлемі **1,93** млрд АҚШ долларын, оның ішінде: «жаһандық акциялар» мандаты бойынша **1 010,0** млн АҚШ доллары, «инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша - **770,0** млн АҚШ доллары, «жаһандық дамушы нарықтар облигациялары» мандаты бойынша - **150,0** млн АҚШ долларын құрады.
- 2024 жылдың басынан бастап шетелдік компанияларға сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтерінің жалпы көлемі **520** млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде: «жаһандық акциялар» мандаты бойынша **290,0** млн АҚШ долларын және «инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша **230,0** млн АҚШ долларын құрады.



2024 жылға жоспарлар

1. Зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру

- **БЗЖҚ Инвестициялық декларациясында** зейнетақы активтерінің **30%** мөлшеріндегі валюталық үлесін ұстап тұру бойынша талап белгіленген
- Валюталық позицияны **30%** деңгейінде ұстап тұру үшін шамамен **2 млрд** АҚШ долларын сатып алу қажеттілігі туындайды
- Шетел валютасын сатып алу бойынша операциялар Қазақстан қор биржасының алаңында бір жыл ішінде жүзеге асырылатын болады

2. «Байтерек» ҰБХ» АҚ және «Самруқ-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигацияларын сатып алу

- 2024-2025 жылдары экономиканың нақты секторын кредиттеудің жалпы сомасы **1,5** трлн теңгеге дейін өсуін қамтамасыз ету үшін БЗЖҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық мүмкіндіктерін пайдалану жоспарлануда.
- Негізгі талаптардың бірі **экономиканың әртараптандырылуы** мен **өсуін, импортты алмастыруды және қазақстандық қамту үлесінің ұлғаюын** қамтамасыз ететін жобаларды қаржыландыру болып табылады.
- Облигацияларды сатып алу ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі **Мемлекеттік комиссияның мақұлдауын** және салалық министрліктің **қорытындысын** алған жобаларды мұқият іріктеу шамасына қарай жүзеге асырылатын болады.
- Бірінші транш аясында «Бәйтерек» Холдингі 2024 жылғы 26 қаңтарда көлік инфрақұрылымын қаржыландыру үшін **190** млрд теңге сомасына облигациялар орналастырды, оның ішінде БЖЗҚ қаражаты есебінен **173** млрд теңге, басқа да нарық қатысушылары – **17** млрд теңгеге сатып алынды.



2024 жылға жоспарлар

3. ҚР екінші деңгейдегі банктердің облигацияларын сатып алу

- 2024ж. БЖЗҚ зейнетақы активтерін бизнесті кредиттеу үшін екінші деңгейдегі банктердің облигацияларына **500** млрд теңгеге дейін инвестициялау жоспарлануда.
- Инвестициялауға қойылатын талаптар:
 - ✓ ЕДБ ең төменгі кредиттік рейтингі **«В» төмен емес;**
 - ✓ ЕДБ меншікті капиталының мөлшері **кемінде 60 млрд теңге;**
 - ✓ **бизнесті кредиттеу**, айналым қаражатын толықтыру мақсаттарына және қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыруға жол берілмейді;
 - ✓ көтерме және бөлшек **саудаға**, тұрғын үй **құрылысына**, тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлікпен операцияларға (*сатып алу/сату, жалға алу*), **жеке тұлғаларға** кредит беруге (*ипотека, тұтынушылық кредит беру*), қаржы қызметіне (*стресстік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдардың және микроқаржы ұйымдарының қызметін қоса алғанда*), **консультациялық қызметтерге, сауда-ойын-сауық орталықтарының қызметіне кредиттеуге жол берілмейді;**
 - ✓ айналыс мерзімі **7 жылдан аспайтын нарықтық кірістілік** бойынша облигациялар шығару арқылы бизнесті кредиттеу.

4. Зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру, оның ішінде салымшылардың өз зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін жеке басқаруға беруге мүдделілігін арттыру есебінен

- БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру, оның ішінде салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияларға беруге мүдделілігін арттыру есебінен жұмысты жалғастыру жоспарлануда